

Алиева Ж.Н., Ерехан А.Е.

Қазақстандағы балалар туризмін ұйымдастыру ерекшеліктері

Қазіргі таңда балалардың бос уақытын ұйымдастыру өзекті мәселелердің бірі. Туризм арқылы өскелең ұрпақ өзінің интеллектуалды деңгейін арттыруға, байқампаздығын дамытуға, өз-өзін ұстай алуына, қазіргі заман жағдайларына бейімделуіне, қоршаған әлемнің әдемілігін қабылдау қабілеттерін арттыруға мүмкіндік алады. Балалар туризмі балалар бойындағы жеке тұлға қалыптастыруда, тәрбие беруде, білім беруде, денсаулығын жақсартуда, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелейтін тиімді тәсіл. Қазақстанда осы туризм түрін дамытуға барлық жағдай жасалған. Мақалада Қазақстандағы балалар туризмін ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылған. Республикадағы балалар туризм нарығына талдау жасалып, мектеп лагерлер классификациясы құрастырылған, сонымен қатар туристік-спорттық, экскурсиялық-өлкетанулық негіздегі балалар және жасөспірімдер туризм орталығын ашу мүмкіншілігі қарастырылған.

Түйін сөздер: балалар туризмі, лагерь, мектеп лагерлері, мектеп лагерлер классификациясы, балалар мен жасөспірімдер туризм орталығы.

Aliyeva Zh.N., Ereghan A.E.

Features of children's tourism organization in Kazakhstan

The organization of leisure of children is the most actual problem today. By means of tourism, it is possible to give to younger generation the chance for increasing their intellectual level, development of observation, skill to communicate, self-discipline, adaptation to conditions of modern life, ability to perceive beauty of the world around. Children's tourism is an effective mean of education, training, rehabilitation, formation of the personality of children, adoption of a healthy lifestyle. There are all conditions for the development of this type of tourism in Kazakhstan. The article discusses the features of the children's organization of tourism in Kazakhstan. Analyzed children's tourism market in the country developed a classification of school camps, as well as the possibilities of opening the center of youth tourism, dealing with the organization of tourist-sports, sightseeing and local history activities.

Key words: children's tourism, camp, school camp, classification of school camps, the center of youth tourism.

Алиева Ж.Н., Ерехан А.Е.

Особенности организации детского туризма в Казахстане

Организация досуга детей является наиболее актуальной проблемой на сегодняшний день. Именно посредством туризма можно дать подрастающему поколению возможность для повышения своего интеллектуального уровня, развития наблюдательности, коммуникабельности, самодисциплины, адаптации к условиям современной жизни, способности воспринимать красоту окружающего мира. Детский туризм является эффективным средством воспитания, обучения, оздоровления, формирования личности детей, утверждения здорового образа жизни. В Казахстане имеются все условия для развития этого вида туризма. В статье рассматриваются особенности организации детского туризма в Казахстане. Проанализирован рынок детского туризма в республике, разработана классификация школьных лагерей, а также рассмотрены возможности открытия центра детско-юношеского туризма, занимающегося вопросами организации туристско-спортивной, экскурсионно-краеведческой деятельности.

Ключевые слова: детский туризм, лагерь, школьный лагерь, классификация школьных лагерей, центр детско-юношеского туризма.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР ТУРИЗМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кіріспе

Қазақстандағы туризмді дамыту мақсатында кадрларды ғана дайындап қоймай, балалардың туризмге деген қызығушылығын арттыру керек. Бұл жаңа өсіп келе жатқан ұрпаққа ата-бабаларының өсиетін жеткізу амалы және халықтың мәдени дамуына септігін тигізеді. Мемлекет және қоғам алдында өсіп келе жатқан жас ұрпаққа балалар туризмі арқылы әлемнің әдемілігін көрсету қажет. Балалар өмірлік мәні бар білімді, икемділікті табиғатпен тілдесу арқылы үйренеді және соның арқасында өз-өзін танып біліп, кедергілерден өте алады [1].

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында балалар туризмі – ішкі туризмді дамытудың және туристік мәдениетті тәрбиелеудің негізін қалаушы факторлардың бірі делініп, оған көп көңіл бөлінген. Бұл бағдарлама бойынша, балалар және жасөспірімдер туризмі басқа туризм түрлеріне қарағанда тәрбиелік мәні жоғары, педагогикалық тәрбиелік жұмыстарда орны ерекше.

Қолданылған мәліметтер мен зерттеу әдістері

Балалар туризмі – бұл 7–15 жас аралығындағы балаларға арналған саяхаттар мен экскурсиялар, танымдық және рекреациялық балалар туры. Баланың жан-жақты өсіп жетілуіне балалар туризмі маңызды роль ойнайды. Экскурсиялар, саяхаттар, жорықтар ақыл-парасат деңгейінің өсуіне, байқағыштығын арттыруға, қоршаған ортаны қорғауға, өз-өзін көрсете алуына және тағы басқа да қабілеттерін арттыруға өз септігін тигізеді.

Бала жастан туризмнің әр түрімен айналысу азаматтық сезімге, туристік мәдениетке және қонақжайлылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді, іске асыру кезінде туризм экономиканың пәрменді секторы ретінде табиғат пен қоғам үшін ең төмен салдарлар әкеле отырып, мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі туризмнің белсенді түрі бола отырып:

– өскелең ұрпақты табиғатпен байланыстыру арқылы оны салауатты өмір салтына баулуға, жігер мен руханилыққа тәрбиелеуге;

– туған өлкені іс-жүзінде тануға, қоршаған ортамен, тарих және мәдениет ескерткіштерімен танысуға ықпал етеді [2].

Қазақстандағы балалар туризмі мемлекеттік негізде балалар туризм орталығынан, жас туристер станциясынан, спорттық мектептердегі спорттық туризм секцияларынан тұрады. Мысал келтіре кетсек, Астанада «Туристік Жастар станциясы» атты ұйым жұмыс істейді, оның басты мақсаты: туристік өлкетану негізінде жастарды тәрбиелеу, негізгі міндеті: Астанадағы балалар туризмін дамыту, өз өлкетануын, қоршаған ортасын, тарихи және мәдени ескерткіштерді танып білуі арқылы патриоттық сезімін ояту; сонымен қатар оқушыларды табиғатпен тілдестіре отырып салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Павлодар облысында «Эко-туризм және өлкетану» облыстық орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтың оқу процесі қоғамдағы әлеуметтік тәжірибені дамытуға бағытталған. Келесідей міндеттерді іске асыруы қажет: өлкетанулық жұмыстарда сонымен бірге туристік спорттық икемділікте жеке және топтық жетістіктерге жету.

Қазақстанда балалар туризмін дамытуды көздей отырып, «Балалар және жасөспірімдер туризм орталығын» ашуға барлық мүмкіндіктер бар. Балалар және жасөспірімдер туризм орталығында – мемлекеттің қосымша білім беру жүйесі ретінде, оқушыларды және мұғалімдерді туристік-спорттық және экскурсиялық-өлкетанулық бағытта ұйымдастырушылық-әдістемелік негізге үйрету.

Орталықтың басты мақсаттары мен міндеттері:

– белсенді, жасампаз және салауатты өмір салтын ұстануға бағдарлау;

– жастарды мемлекеттің экономикалық, саяси және мәдени өміріне бейімделу;

– жастарды рухани бай, физикалық жетілген, білімді тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау;

– жастардың кәсіби бағытын анықтау.

Орталықтың негізгі қызметтері:

– өлкетанулық іс-шараларды ұйымдастыру;

– туризм түрлері бойынша слеттар, жарыстар ұйымдастыру;

– көп күндік жорықтар, демалыс күнгі жорықтар, экскурсиялар ұйымдастыру;

– спорттық бағдарламалар жасау;

– туристік лагерлерді ұйымдастыру және іске асыру;

– туристік кадрларды дайындау және біліктілігін арттыру.


Балалар туризмінде ерекше орын алатын – мектеп лагерлері. Балалардың сауықтыру лагерінде азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің білімдік және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында білім берудің қосымша дамыту бағдарламасы іске асырылады. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 11 мыңға жуық балалар лагерлері және демалыс үйлері бар. Онда балалардың уақыттарын қызықты өткізу ғана емес, сонымен қатар денсаулықтарын жақсартуға үлкен мән берілмек. Қазақстанда, әсіресе ірі аймақтық туристік Бурабай, Қорғалжың, Балқаш, Зеренді, Қапшағай, Қатон-Қарағай, Қарқаралы, Байқоңыр, Түркістан, Ұлытау, Баянауыл, Сарыағаш, Алакөл, Бұқтырма, Текелі және т.б. аймақтарында балалар лагерлері көрсетілетін қызметтерге жоғары баға және сервистік қызмет көрсетуге қатысты басым түседі. 2014 жылғы мәліметтер бойынша орташа алғанда бір балаға жолдама құны 90 мың теңгені құрайды [3].

Қазіргі таңда Қазақстанда ата-аналардың және балалардың арасында танымал, қызығушылығы артып келе жатқан бағдарламалы лагерлерге: сауықтыру лагерлері, скауттық лагерлер, палаталық лагерлер және туристік лагерлер жатады. Туристік лагерлердегі танымдық, туристік өлкетанулық демалысты ұйымдастырудың басты міндеттерінің бірі, жетекшілердің балаларға деген беретін тәрбиелік мәні. Бұл балаларға интеллектуалды, эмоционалды түрде әсер етеді, сонымен қатар білім беру, тәрбие беру және сауықтыру процесстерін біріктіреді.

Қазақстанда скауттық лагерлердің танымалдығы артуда. Қалалық оқушылар үшін лагерлердің бұл түрі өте пайдалы болмақ. Балалар онда табиғат аясында тігілген шатырларда тұрады, тау бөктеріне шығады, спарандық жағдайларда тұруға машықтанады. Сонымен қатар от жағуға, ас пісіруге үйренеді. Бұл қаланың барлық игіліктеріне үйреніп қалған оқушылардың өрісін кеңейтеді. Скауттық лагерлерге 14 пен 17 жас аралығындағы бозбалалар мен бойжеткендер қабылданады. Себебі оқушылардың бұл санаты балаларға арналған лагерлерге бара қоймайды. Олардың жас шамасы не жеткіншектерге, не ересектерге жатпайды. Сондықтан егер 14 пен 17 жастағы оқушылар тәжірибелі нұсқаушылардың қамқорлығында болса, ата-аналар да өз балалары үшін уайымдамайды, балалардың өздері де ол жерден үлкен өмірлік тәжірибе

алып, көптеген қиындықтарға қарсы шыныға алады. Балалардың лагерін қысқы, көктемгі және жазғы каникул мерзімінде, сонымен қатар жыл

бойы қалада да, қала сыртында да құра алады. Сол себепті, мектеп лагерлер классификациясы жасалынды (1-сурет).



1-сурет – Мектеп лагерлер классификациясы

Мектеп лагерлерін балаларды орналастыру орнына қарай:

- стационарлық – балалар сауықтыру мекемелері сияқты арнайы ұйымдастырылған орындар;
- палаталық;
- базалық – демалысқа қажетті жабдықтармен жабдықталған базаларда, яғни мектеп ішінде, қосымша білім беру мекемелерінде, арнайы клубтарда орналасады.

Мектеп лагерлері маусымдылығына байланысты:

- маусымды – демалыс уақыты (күз, қыс, көктем 8–12 күн, жазда – 3 айға дейін);
- жыл бойы.

Нәтижелері

Қазақстандағы балалар туризмінің дамуына, демалыс уақыттарының дұрыс ұйымдастырылуына әртүрлі жұмыстар атқарылып жатыр. Соңғы жылдары балалар арасында жазғы еңбек лагерлері үлкен танымалдылыққа ие болып келеді. 2014 жылы 1–10 сынып оқушыларының 83,9 пайызы жазғы демалыс уақыттары ұйымдастырылған болатын. Алға қойған мақсат, ендігі жаз айларында Қазақстандағы оқушылардың 85 пайызын қамту. Әрине барлық бала жазғы лагерлерге бара алмайтыны анық, дегенмен олар бос уақыттарында жанына жақын қызықты жұмыстармен шұғылдана алады. Оларға биыл

мектеп жанынан құрылған 6 мыңға жуық алаң мен аула клубтарының есігі ашық. Өлкетану бағыты бойынша шамамен 7 мыңға тарта туристік сапар мен экскурсия өткізіледі. Мектепшілік лагерлерде де түрлі шаралар ұйымдастырылмақ [4].

Республиканың курорттық аймақтарында жыл бойы жұмыс жасайтын балаларды сауықтыру нысандарын салу қажет. Қазіргі уақытта мұндай негізде Оңтүстік Қазақстан облысында «Тау самалы», Павлодар облысында «Жас дәурен» атты нысандар жұмыс жасауда. Олардың үлгісінде республиканың барлық аймақтарында осындай лагерлер құру қажет. Бұл бір уақытта мектеп оқушыларына сапалы демалыс сыйлап, жыл бойы білім беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында еліміздегі оқу-тәрбие жүйесін жетілдірумен байланысты алға қойған негізгі мақсат – «Қазақстандықазаматтық, ізгілік және жалпы адамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде-гі сапалық қасиетін қалыптастыру» – көзделіп отыр.

Қазақстандағы балалар туризмінің қазіргі жағдайын талдай келе, болашақта дамыту үшін келесі әрекеттерді жүзеге асыру керек:

- балалар және спорттық-сауықтыру туризмінің инфрақұрылымын дамыту, білім беру ме-

кемелерінде балалардың демалысын белсенді түрде өткізуін ұйымдастыру, тәрбие беру жұмыстарын жүргізу;

– нормативті-құқықтық негіздерді жетілдіру; міндетті түрде мектептегі, туристік базадағы, палаталық лагерлердегі, мектеп музейлеріндегі және басқа да балалар туристік ұйымдар қызметтерін, туристік өлкетанулық жұмыстардың қағидаларын енгізу;

– мектептегі өлкетанулық музейлер туристік өлкетанулық жұмыстарда маңызды роль атқарады, сол себепті оларды мектепте ашу оқушылардың патриоттық жүйеде тәрбие алуына септігін тигізеді;

– барлық білім, тәрбие беру және сауықтыру негіздеріне жоғары білікті мамандар, мұғалімдер, инструкторлар және басқа да балалар саласындағы мамандар жауап береді; балалар туризміндегі инструкторларды дайындау және квалификациясын жоғарылататын орталықтар және институттар арқылы ұйымдастыру.

Бала жастан туризмнің әр түрімен айналысу азаматтық сезімге, туристік мәдениетке және қонақжайлылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді, іске асыру кезінде туризм экономиканың секторы ретінде мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Әдебиеттер

- 1 Детско-юношеский туризм – стратегический ресурс инновационного образования [электронный ресурс]. – URL: <http://www.parlam.kz/ru/blogs/tarassenko/Details/4/1683> (дата доступа 01.10.2016).
- 2 Голикова О.М. Исследование основных направлений детского туризма / Сервис plus. – 2013. – № 1. – С 62–67.
- 3 Туры для детей и детские лагеря [электронный ресурс]. – URL: [//visitkazakhstan.kz/](http://visitkazakhstan.kz/) (дата доступа 01.10.2016).
- 4 Доклад о положении детей в Республике Казахстан [электронный ресурс]. – URL: www.akorda.kz/ (дата доступа 01.10.2016).

References

- 1 Detsko-yunosheskij turizm – strategicheskij resurs innovacionnogo obrazovaniya [ehlektronnyj resurs]. – URL: <http://www.parlam.kz/ru/blogs/tarassenko/Details/4/1683> (data dostupa 01.10.2016).
- 2 Golikova O.M. Issledovanie osnovnyh napravlenij detskogo turizma / Servis plus. – 2013. – № 1. – S 62–67.
- 3 Tury dlya detej i detskie lagerya [ehlektronnyj resurs]. – URL: [//visitkazakhstan.kz/](http://visitkazakhstan.kz/) (data dostupa 01.10.2016).
- 4 Doklad o polozhenii detej v Respublike Kazahstan [ehlektronnyj resurs]. – URL: www.akorda.kz/ (data dostupa 01.10.2016).

